

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Империяның құрылуы, орны
мен тарихы





Мақсаты: Джон Галттың «Богл Корбет» және Элис Манроның «Қыз-балалар мен әйелдердің өмірі» романдарындағы Канаданы отарлау туралы Кати Трампенердің салыстырмалы талдауымен таныстыру.

Тірек сөздер: Канада, Шотландия, қоныстанушылар, колония, отарлау.

Әдебиеттанушылар Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстыруды жалғастырамыз. Бүгін Кати Трампенердің Канаданың отарлануына қатысты екі кітапқа жасаған салыстырмалы талдауын әңгіме етеміз.

Бірінші кітап – Джон Галттың XIX ғасырда жазылған және Канадаға еуропалық эмигранттар мен отарлаушылардың империялық көшін суреттеген «Богл Корбет» атты романы. Екінші кітап – жазушы Элис Манроның XX ғасырда жазылған «Қыз-балалар мен әйелдердің өмірі» атты романы.

XIX ғасыр шотландықтары, Кати Трампенердің айтуынша, Британ империясына әскери офицерлер, әкімгерлер, инженерлер, қоныстанушылар және жазушылар ретінде қосылған болатын. Джон Галт пен Уильям «Жолбарыс» Данлоп Жоғары Канадада, Томас Маккаллок Жаңа Шотландияда, Томас Прингл Кейп-Кодта және Томас Мак-Комби Австралияда Ұлыбританияның жаңа колониялары туралы жаңашыл әдеби туындылар жазып, колониалды өмір жүйесін құрып, империяны шотланд әдебиетінде насихаттады. Канаданың ағылшын тілінде жазған жазушылары шотланд әдеби прототиптерін пайдаланса; канада әдебиеті шотланд типіндегі кейіпкерлерге (министрлерден бастап крофтерге дейін) толы болып, шотланд әдеби жанрына сай келді (тарихи романнан диалектілік поэзияға дейін). XX ғасырдағы шотланд дәстүрінің жазушылары ағылшынтілді Канаданың әдеби өмірінде маңызды рөл атқарды; 1960–1970 жылдары Маргарет Лоренс, Элис Манро, Мэвис Галант пен Маргарет Этвуд жаңа ұлттық әдебиеттің өкілдері ретінде қабылданды. Соған қарамастан, шотланд мәдениеті мен әдеби әңгімелерді жаза отырып, Манро мен Лоренс ескі шотланд көзқарасын Канадаға сай өзгертуге тырысты.

Екі ғасыр – екі көзқарас

Өзінің зерттеуінде Кати Трампенер XIX ғасырдағы Шотландияның колониалды романы, Джон Галттың жартылай естен шығып қалған «Богл Корбет немесе эмигранттар» атты 1831 жылы жазылған туындысын алып, Манроның шығармасымен салыстырады. Галт пен Манро әртүрлі уақытта, саяси және әдеби жағдайларда өмір сүріп, қазіргі Онтарионың бір облысын әрқилы сипаттайды.

Галттың «Богл Корбет» романының кейіпкері Канадаға саясат пен тарихи өзгерістерден – Ямаиканың саяси плантацияларынан, әлеуметтік өзгерістерінен, Шотландияның индустриалды революциясынан, якобиндіктер саясатының құлдырауынан – қашу мақсатында келеді. Алайда бұл қиындықтар жаңа колонияның басына да түседі. Манроның Онтариосы болса, XIX ғасырда қоныс аударушылар мен колонистердің қыспағынан зардап шегеді. Сондай колонистердің бірі – Галт болатын. «Богл Корбет» Галттың империялық саясатқа қатысуын сипаттап, империялық алмасу, сана мен күнә тақырыптарын дамыта түседі.

Манроның империялық әдепке деген қызығушылығы аса жоғары болмағанмен, колониалды өзін-өзі тану мен эпистемологияға ерекше ден қояды. Себебі олар сол кездегі заман өмірінің қалыптасуы, мәдени қайта өркендеу туралы ұлттық немесе постколониалды түсініктерді күрделендіре түседі.

Онтарионың отарлануы

Галт Жоғары Канадаға 1826 жылы Гурон учаскесінің, негізінен адам тұрмайтын әрі бұрын-соңды зерттелмеген миллионнан астам акр жердің дамуына бақылау жасап отыру үшін келеді. Ол мұнда Гуэлф және Годерич қалаларын салады. Манро шотланд романтизмінің әдеби шығуы



туралы айтады. Оның бабалары Жоғары Канадаға Шотландиядан 1818 жылы қоныс аударып, 1840 жылдан бастап Гурон учаскесіне тұрақтайды. Манро Годерич маңында бойжетеді.

«Канада компаниясы» акционерлік қоғамының бірінші директоры болып тағайындалуымен Галт Солтүстік Америкаға кетеді. Мұнда Нью-Йорк штатының солтүстік бөлігінің тұрғындарына бақылау жасап, Гурон учаскесін құру туралы жоспарлай бастайды. Әулие Георгий күнінде, 1827 жылы Галт қазіргі Торонтодан батысқа қарай 60 миль жерде орналасқан Гуэлф қаласын компанияның қаласы ретінде жариялайды. Гуэлф атауы Ұлыбританияның патша отбасының құрметіне қойылған. Көп ұзамай, Гурон өзенінің жағалауында Галт Годерич қаласын салады. Қаланың атын «Канада компаниясының» құрметті мүшесі виконт Годеричтің құрметіне қояды. Бүгінде Годерич – 8000 тұрғыны бар шағын қала болса, Гуэлф – 100 000-нан астам тұрғыны бар университет қалашығы. Мұнда көптеген ғимараттар түпнұсқа күйінде сақталып қалған. Ал қала әкімінің ғимараты алдында Галттың мүсіні әлі күнге тұр. 2008 жылдың 4 тамызында Гуэлф өзінің жыл сайынғы «Джон Галт күні» мейрамын салтанатпен тойлап өтті. Бірақ таңға жуық анархистер Галттың мүсініне қызыл бояу жағып тастады. Кейіннен анықталғандай, «Канада компаниясының» тұрғындары жергілікті халық есебінен жинақталған екен. Джон Галт бұл үдеріске белсене қатысып, адам айтса нанғысыз ауқымды геноцид үшін негіз бола білген. Джон Галт Гуэлф қаласы үшін алғашқы ағашты кескен кезде айтқан сөзі «Канада компаниясының» болашағын болжады. Ол: «Ағаш жан түршігерлік тарсылмен құлады. Құдды бір ежелгі табиғат адам баласының бүкіл қайғы, ақымақтық және қылмысымен бірге бейкүнә жалғыздыққа алғаш қадам басқанына қатты уайымдаған секілді».

Галт империализмнің тарихи мәні мен оның адам баласына ықпал ететін психикалық салдары туралы қатты ойланды. Жоғары Канададағы жоспарлау, геодезия және құрылыс туралы практикалық жұмыстармен айналыса отырып, Галт лондондық баспагерге хатында Жоғары Канада туралы әңгімелер сериясын немесе романын жазып қойғаны туралы, оны «Қоныстанушылар немесе Гуэлф туралы әңгімелер» деп атағанын жазады. Роман Галттың британ империялық жобасы туралы батыл ойларын сипаттап, автор Жоғары Канада тұрғындарын құру туралы әңгімелейді.

Кейіннен, борышкерлердің түрмесінде отырып, Джон Галт шотланд эмигранттарының Солтүстік Америкаға қоныс аударуы туралы екі роман жазады. «Лоури Тодд немесе ормандағы қоныстанушылар» (1830) бестселлеріндегі баяндаушы және Богл Корбеттің депрессивті әңгімешісі Шотландияның батысындағы эмигранттар партиясын басқарады. Лоури Тодд Нью-Йорк штатына тұрақтайды. Корбеттің партиясы Жоғары Канадаға қоныстанғанда, көпшілік оның басшылығын мойындамайды. Екі роман Галт «Батыс ертегілері» деп атаған пародоксалды код тәрізді. Галт романдарының жаңа бағыты аймақтық тарихтың тереңдігін өлшеп, әртүрлі әлеуметтік, уақыттық және геосаяси келешегін сипаттайды. Оның романдарында оккупация, таптық және саяси идеология арқылы анықталатын мүдделі талаптардың көзқарастары мен пікірлері суреттеледі. Жалпы алғанда, серия көпжақты мозайканы құрады. Автор Шотландияның жаңа жерлердің тарихындағы рөлі, менталитет, эмигранттардың құндылықтар жүйесі туралы толғанады. Ол Шотландияның жалпы әлемдегі – болашақтағы орны туралы күмәнданады. «Батыс ертегілерінде» Шотландия – енді қалыптасып келе жатқан Британияның құрбаны және экономикалық өзегі болып сипатталады. «Атақоныс» (1820) – Шотландияның Британиямен Одағы және XIX ғасырдағы Шотландияның саяси, мәдени, экономикалық еріксіздігі туралы қорқыныштары суреттелген шығарма. Шотландияның империялық державаға айналуға талпынысы оны колонияға айналдырып тастады деуге болады.

Галттың қоныстанушылары қан төкпейді, тек бір рет қана үндістерге, арқан балық ұстаушыларға келіп кеткен-ді. Соған қарамастан, «Богл Корбет» Колумб белгілеген, Шекспир аллегориялаған мәдени кездесу шаблонумен қиюласады. Ескі империя тұрғындары мен революциялық қақтығыстардың қатысушылары Жоғары Канадаға жаңа өмір бастау үшін келеді. Мұзтау – тоқырауды бейнелейді. Ол бейне бір «бірбүтін қорқынышты континент» секілді пайда болып, кемеге қауіп төндіреді. Мұзтаудың бөліктерінің өзі кеме алысқа жүзіп кетпейінше, бәрібір қауіпті болып қала береді.



Империяның іздері

Корбеттің ішкі қиналысы – көтеріліс қорқынышы мен таптық айырмашылықты қайта қалпына келтіруге талпыныс. Ескі таныстар мен ескі радикалдар ретінде қоныстанушылар Корбеттің бұйрығына бағынуға қарсылық білдіреді. Үкімет құру туралы идеяға қызыққан кейбіреулер британ колониясынан американдық республика үшін бас тартады. Корбет мұны «бүлік» деп атайды. Қалғандары болса Жоғары Канадада қалып, саяси үмітпен өмір сүреді.

Шотландиядан кетер алдында қоныстанушылар ауыл салып, «қауым» болып өмір сүрмек болады. Ну орманды тазалап, қоныстанушылар өз фермаларын салуға құқығы бар деп ойлайды. «Корбет коммуналды жекеменшікті билеуге құқысы жоқ, өйткені «бұл жабайы жер үндістер үшін құпия болған, үндістердің жерге ешқандай құқысы жоқ», – деп есептейді. Якобиндердің ойынша, Корбеттің дәлелі жоқ, Солтүстік Америка – жеке меншік жер ретінде экспроприацияға құрылған.

Орман ішінде қоныстанушылардың көшбасшысы жалғыз билеуші деп танылып, басқа қоныстанушылардың өзіне бағынуын талап етеді. Алайда тіпті Корбет қоныстанушылардың «наразылығына» шағымданып, олардың еркіндігіне қарсы күресіп, бағынуы үшін барынша талпынады. Сөйтіп, суверенді теңсіздік туралы армандарын ғана емес, өзінің жеке арманын да құрбан етуге мәжбүр болады.

Галттың басқа романдары секілді, «Богл Корбет» те әңгімешінің өз көзқарасын, арам ниетін білдіреді. Шотландияда «богл» – құбыжық немесе бақшадағы қарауыл деген мағына береді. Сәби – империяның құралы, Богл Корбет – бос адам. Канада ешқандай жаңа бастама әкеле алмайды, бұрынғы империялық теңсіздік пен кінә және зорлық-зомбылық жаңа ортаға орын ауыстырған.

Галттың романында колониалды және тарихи тәжірибе мен геосаяси қабаттар қарастырылады. «Богл Корбет» тарихи амнезия үшін механизмдер қажет етті, кінә сезімін дамытады. Соған қарамастан, Галт Канаданың тарихына қызыға қоймайды, оны адамгершілік мәселелерді шешетін әлеуметтік лаборатория мен аралық алаң ретінде қызмет ететін орын деп қарайды.

1820–1830 жылдары Маккаллок пен Хэлибертон Жаңа Шотландияның Кариб теңізіндегі сауда және құлдық байланыстары, оның америкалық индустриалды капитализмге жақындығы туралы қауіптен бастайды. Хэллибертон жалдамалы жұмысшылар мен кедей ирланд иммигранттары үшін геноцид туралы сөз еткен-ді. «Богл Корбеттің» бірінші тарауында Ямайка мен Шотландия, құлдық пен индустриализация арасындағы аналогиялық байланыс туралы сипатталады, бірақ Жоғары Канада Галт үшін империялық немесе капиталистік экономикадағы экономикалық өзек емес, шектеулі бос орын, жыртылмаған жер секілді. Бұл жерге қоныстанушылар империяның әртүрлі аймақтарынан қоныс аударып, әлеуметтік тұрғыда дами алады.

«Богл Корбет» романындағы империялық шеттетулер сызбасы мен механизмі психодинамикалық терминдер арқылы белгіленеді. Бұл роман Джозеф Конрадтың, Жан-Поль Сартр, Франц Фанон мен Джордж Ламмингтің 1954 жылғы «Эмигранттар» романынан жоғары.

Галттың «Батыс ертегілері» – Шотландияның империя контекстіндегі күрделі тарихы. Жоғары Канадада тарих қайталанады, соғыстардың символикалық қайталануы – Британ империясының символы.

Канадалық ұлтшылдар Галттың Канада туралы пікірлерін түсіндіруге қатты қиналады. 1960–1970 жылдардағы канадалық мәдени ұлтшылдықтың әсері әдеби жарылыс ретінде сипатталды. Леонард Коэн, Маргарет Этвуд, Майкл Ондатье, Энн Хеберт, Маргарет Лоренс, Джеймс Рейни, Мариан Энгель, Тимоти Финдли мен Антонин Мейллет колониалды әдеби дереккөздерді қайта қалпына келтіріп, құжаттар немесе колониалды мұрағаттардың сенімділігіне күмән келтірді.

Канадалық ғалымдар колониалды әдеби тарихқа сын көзбен қарап, XIX ғасырдағы әдеби туындыларды қайта жариялады. Макклелланд пен Стюарттың жаңа канадалық кітапханасы жаңа канадалық канон мен оқу канонын қалыптастырды. Сонда да 1977 жылы «Богл Корбет» романын жұмсақ мұқабамен қайта баспадан жариялау кезінде біршама қысқартулар орын алды. 1831 жылғы лондондық түпнұсқа үш томнан тұрды; Макклелланд пен Стюарттың қайта жарияланған нұсқасы тек үшінші томынан тұрды. Жаңа канадалық кітапхананың ұлтшыл-



дық мандаты қысқартуларды дұрыс деп тапқан секілді. Түпнұсқадағы Канаданың басқа да империялық жерлермен (Ямайка, Шотландия, Үндістан) байланысына қарамастан, Жаңа канадалық кітапхана «Богл Корбетті» канадалық тәжірибеге сүйеніп қайта жариялады. Бірақ мұндай қысқартулар салдарынан кітап мүлдем түсініксіз болып қалды.

Романтикалық дәуірде шотланд жазушылары жер, тіл және мәдениетке әдеби бірбүтіндік сипат беруге тырысты. Алайда бұлар мүлдем түсініксіз болды немесе ағылшын мәтінінде ғана түсінікті болып қалды. Соған қарамастан, шотланд оқырмандары XIX ғасырда Канаданы – бір рет барған туыстары, кейде тіпті бүкіл қауым қайта оралмайтын жер деп білді. Бұл – қиял мен проекция, ең алдымен, айрылу жері деп танылды. Шотландтық әдеби ұлтшылдық секілді XX ғасырдағы канадалық әдеби ұлтшылдық мұңлы бейнелеу нысаны ретінде танылды. Канада – бос немесе шетте қалған мазар емес, шынайы өмір сүретін жер, әдеби назар аударуды қажет ететін мекен ретінде ұсынылды. Канадалық әдеби ұлтшылдық өзін-өзі танытудың шотланд әдеби стратегиясын көшірді.

Жаңа көзқарас

1971 жылы Манроның «Қыз-балалар мен әйелдердің өмірі» романы жарияланды. Роман шотланд модельдерінің интеграциясы мен сұраққа тартылу мәселесіне арналды. Романның авторы Галттың жылнамалық романын дамытып қоймай, қауымның тарихындағы жылнамалық мәселелер туралы тұжырымдайды. Сол тәрізді Манро кейіпкерлердің концентрациялы әлемін зерттейді. Роман көршілерді, туыстарды, достар мен замандастарды, олардың ерекшеліктері мен өмірлік пәлсафасын сипаттайды. Сол арқылы автор тарихи микро-кезеңдерді (Депрессия, Екінші дүниежүзілік соғыс, 1950 жыл) қайта қалпына келтіреді.

Дель өзінің балалық шағын Флэтсрудта, жартылай ауылдық жерде және Джубилиде өткізеді. Бенни көке – Дельдің жартылай сауатты көршісі, осы шектеудің символы. Шөл далаға деген Беннидің жартылай интуитивті қарым-қатынасы оның картаны қолдана алмау қабілеті арқылы көрінеді. Дельдің әлемге деген қатынасы Бенниге деген аяушылығы мен интеллектуалды құқығы арасында қымсынып қалған.

Этикалық және эстетикалық маңызды аспект – өзін-өзі сипаттай алмайтындарға әдеби дауыс беру. Манро Галттың аймақтық тарихқа енуін қолдаса, Дель скептик болып қала береді. Романның қорытынды тарауы Крейг көкенең – қаланың бұрынғы клеркінің шіркеулік жылнамалар жинағын құрастыруымен аяқталады.

Өзінің жоспарын жүзеге асыру үшін Крейг көке үй шаруасын өзінің қарындастарына табыстайды. Өлер алдында ол Дельге өзінің аяқталмаған шедеврін тапсырып, оны аяқтауды мирас етеді. Өзінің жазушылық шабытын көкесінің пікіріне бағындырғысы келмей, Дель қолжазбаны кереуетінің астына лақтыра салады. Одан ары жертөлеге тастайды. Мұнда қолжазба зәктен шіріп кетіп, қалпына келтіруге жарамсыз болып қалады.

Егер зәкке ұшыраған манускрипт оны көкесінің алдында кінәлі екенін сезіндірсе, онда «Қыз-балалар мен әйелдердің өмірі» романы Крейг көке салған ізбен тұрғындардың тарихын сипаттауға арналады. Алайда, бұл – саяси немесе экономикалық тарих емес, жеке әйелдердің тарихы.

Роман әйелдердің белгілі бір тапқа, гендерге, ұрпаққа қатысын суреттеп, субъектінің бойындағы ұят, ар, өкініш сезімдерін терең баяндайды. Манро романның кейіпкерлері өз өмірлерінің суреттелгенін қаламаса да, оны суреттеуге толық құқылы деп есептейді.

«Қыз-балалар мен әйелдердің өмірі» романы оңтүстік готика (Уильям Фолкнер, Фланнери О'Коннор, Харпер Ли) мен тарихи романдар (Сигрида Унсетта, Маргарет Митчелл) аясында жазылған. Алайда Манроның баяндау тәсілі мен хроникалық әдісі шотланд романтизмінің ықпалы болғанын көрсетеді.

Галттың «Батыс ертегілері» Шотландияның әртүрлі тарихи және әлеуметтік тұрғыдан зерттелген аймақтарына күштеп оралтады. Манро өзінің туындысында Галт секілді жан-жақты зерттеу жасауға талпынады.

Марта Боэрдың ойынша, британ зияткерлері оқиға орнын әлеуметтік экологияны түсіну үшін қолданған; Джордж Краббтың «Боросы» (1810 ж.), Мэри Митфордтың «Біздің ауылы» және



Галттың «Жылнамасында» қала, шіркеу мен ауыл – адами биотоптар, микрокосмалар ретінде қаралған. Манроның тарихы оқиға орнын адам және геологиялық тарих арасында сипаттайды. Тарих секілді геология дегеніміз – тепе-тең емес даму, тұлға мен жер арасындағы ерекше қатынас.

Манроның романы Канада жерлерінің ұлтшылдығы аясынан шығып, жергілікті және трансатлантикалық көлемдегі оқиғалар арасындағы байланысты көрсетеді.

Постколонианың іздері

Богл Корбет Канадаға тарихты аяқтау, тарихи және экономикалық өзгерістерден, плантациялар жүйесінен, өндірістік революциядан қашу үшін барады. Соған қарамастан, ол бүкіләлемдік тарихты өзімен бірге тасып жүріп, оны Жаңаша сипаттап, өзімен өзі аяқтайды. Корбеттің мұз боп қатқан жүрегінде – бостық (қуыс) қалыптасқан, бұл – императорлық және индустриалды Еуропа арасындағы рухани бостық (қуыс).

Галттың мүсініне қызыл бояу төккен анархистер оның иесін емес, мүсінін көздеген, деп ойлайды Кати Трампенер. «Богл Корбет» романы табиғатқа мұқият қарайды, адамның дүниетанымына климат пен ауылдың ықпалын баяндайды. Жоғары Канада – аллегориялық айна секілді. Қоныстанушылардың өткенімен қоштасуға қабілетсіз екендігін білдіреді.

Бір географиялық және әдеби топырақта 200-ден астам уақыт тұрып, Манро адам өмірі туралы бай жылнаманы тауып алады.

Галт пен Манро тарихты өздігінше өңдейді, алайда олардың жолдары қиылыспайды. Олардың арасында колониалды және постколониалды әдебиеттер арасындағы секілді кішігірім байланыс байқалады. К. Трампенер постколониалды жазушылар колониалды әңгімені көшірген деп есептейді. Алайда бұл көшірме тек кейбір нұсқаларға, мәселен, Джина Ристиң «Антуанеттасы» (1966), Маргарет Этвудтың «Сюзанна Мудидің журналдары» (1970), Джон Масквелл Кутзеенің «Мистер Фосына» (1986) ғана қатысты.

К. Трампенердің ойынша, колониалды және постколониалды әдебиет әлемдік оқиғаларды сипаттаудан бас тартқанда емес, жекелеген орындарды эхо-камера ретінде қарастырғанда, тарих пен баяндау дәстүрлерін біріктіргенде ғана тереңделе түседі. Метрополиялық, колониалды және постколониалды әдебиеттер арасындағы байланыс олардың шыққан тегіндегі біртектілік пен туыстығына байланысты.

Галт пен Манро формалды, лингвистикалық, саяси және философиялық мүмкіндіктерін қолданады. Сондай-ақ, Галт «колонизатор» ретінде империяны қатты сынға алып, оның саясатына қарсы шығады. Галт Канаданы «бос», иесіз мекен ретінде суреттейді. Манро болса, Галттың пікірін толық қолдамай, оның формалды жаңалықтарын алады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Кати Трампенердің ойынша романдарды талдаудағы ортақ тоғысу нүктелері неде?
2. Джон Галттың эмиграция табиғаты, оның сәтсіздіктері мен жетістіктері туралы тарихи көзқарастарының мәні неде?
3. Элис Манроның романын постколониалды роман ретінде қарастыруға не түрткі болады?

Әдебиеттер:

1. Trumpener Katie. *Bardic Nationalism: The Romantic Novel and the British Empire*. – Princeton: Princeton University Press, 1997.
2. Trumpener Katie. *The Peripheral Rise of the Novel*, in Liam MacInveray and Raymond Ryan// *Ireland and Scotland: Culture and Society 1707-2000*. – Dublin: Four Courts, 2005.
3. Galt John. *BogleCorbet*. – Toronto: McClelland & Stewart, 1977.



4. Munro Alice. Lives of Girls and Women. – New York: New American Library, 1983.
5. Thacker Robert. Alice Munro: Writing her Lives. A Biography. – Toronto: McClelland & Stewart, 2005.
6. Timothy, H. B. The Galts: A Canadian Odyssey. Vol. I: John Galt: 1779-1839. – Toronto: McClelland & Stewart, 1977.